

ЖАПОНИЯДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Қабылдаған: Турганбаевна.А Орындаған:
Батырбек.А

- Бүгінде Жапония медициналық қызмет көрсету сапасы жөнінен әлемде алдыңғы орында тұрған мемлекет. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша Жапония медициналық жетістіктері жөнінен Швейцария, Израиль сияқты мемлекеттердің алдында тұр. Жапонияда қазіргі таңда 140 мың емдеу орталығы бар. Оның ішінде 80 мың емхана, 10 мың аурухана, префектура әкімшілігіне бағынатын 850 медициналық орталық және 50 стоматологиялық клиника. Науқастың емделу орталығында жату ұзақтығы әлем бойынша бірінші орында тұр. Ауру кісі толығымен 19 күн жатып ем қабылдауына болады. Әйелдердің босанған соң перзентханада 5 тәулік қалуына мүмкіндігі бар.

- Медициналық сақтандырудың шығыстық феномені - Жапония. Жапонияда табиғатқа жақындық және жоғары технология- лар үйлесімдік тапқан. Салыстырмалы қысқа мерзімде Жапония әлем бойынша ең үздік денсаулық көрсеткіштеріне қол жеткізді. Өмір сүру ұзақтығының орташа көрсеткіші ерлер- де 79,9 жас болса, әйелдерде 82,9 жас. Денсаулық сақтау министрлігі қарт адамдарға ерекше көңіл бөле бастады. Қарт адамдарға үй жағдайында көмек және күтім көрсету мәселесі қолға алынды. Ерекше атап өтетін жағдай, Жапонияда табысына қарамастан халықтың барлығы бірдей медициналық көмек алады. Дәрігерлер науқастарға дәрілерді жазып қана қоймай, дәрілермен өзі қамтамасыз етеді. Сол себептен, Жапония әлем бойынша дәріні пайдалану жағынан бірінші орында.

ЖАПОНИЯДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ 2 ЖҮЙЕМЕН ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ.

- Ұлттық сақтандыру жүйесі территориялық принциппен жұмыс істеп, сақтандырылған кәсіпкерлерге және олардың отбасына, мүгедек және жағдайы жоқ азаматтарға медициналық көмекке кепілдік береді. Сақтандыру салымының көлемі көп емес, отбасының табысына байланысты. Медициналық сақтандырудағы салымның жартысын мемлекет төлейді. Сақтандыруды жер-гілікті билік органдары қадағалайды.

- Жалдама- лы жұмысшыларды сақтандыру - кәсіби прин- циппен ұйымдастырылған. Үкімет кіші және ірі өнеркәсіп орындарының жұмысшыларының және теңізшілердің сақтандыруын өз мойнына алады. Мемлекеттік қызметкерлер және жеке фирмалар жұмысшылары кәсіби принциппен сақтандыру ұйымдарында сақтандырылады. Салымдарды сақтандырылғанда жұмыс беру- шілер және мемлекет төлейді. Салым көлемі табыс көлемімен айқындалады.

- 70 жастан ас- қан адамдарға арналған бөлек сақтандыру жүйесі бар. Ол сақтандыру ұйымдарында жинақталған ақша арқылы қаржыландырылады.

- Жапонияда міндетті медициналық сақтандыру - медициналық қызметтің барлық түрі тегін болады дегенді білдірмейді. Көрсетілген қызметтің жартысын сақтандырылған науқас өзі төлейді. Осылай Жапонияда сақтандырылған азамат медициналық қызметтің 30%-ын өзі қал- тасынан төлейді.



**АЛ САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМДАРЫ
МЕН МЕМЛЕКЕТТІК
САҚТАНДЫРУДА ДЕНСАУЛЫҒЫН
САҚТАНДЫРҒАНДАР ЕМДЕЛУГЕ
КЕТКЕН ҚАРЖЫНЫҢ 10%-ЫН
ТӨЛЕСЕ, ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ 20%-
ЫН - СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМГЕ, 30%-
ЫН АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ЕМГЕ
ТӨЛЕЙДІ.**

Сонымен қатар Жапонияда медициналық қызметті бағалайтын балдық жүйе бар. Яғни дәрігердің әрбір кеңесі, тексерілу, жедел емдеу шаралары балл бойынша бағаланады. Мемлекет бойынша әр қаладағы медициналық мекемелердің бағалары бірдей. Хирургиялық ота жасату Жапонияда АҚШ-тан 3-4 есе арзан.

- Жапонияда дәрігерлерге талап қатал
- Жапонияның қырық жастан асқан тұрғындары тегін кешенді тексеруге жазылады. Ал әйелдер тегін гинекологиялық, балалар болса тұрақты профилактикалық тексерістен өтеді.

- Жапония тұрғындары толығымен мемлекет тарапынан және жұмыс берушінің қамқорлығымен медициналық сақтандырумен қамтылған. Қазіргі таңда Жапонияның жалпы ішкі өнімінің 8,1 пайызы денсаулық сақтауға жұмсалады.



Дәрігерлердің жалақысы, емделу қызметтерінің ақысы, дәрі-дәрмек құны мен медициналық тауарлардың бағасын Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Әлеуметтік және медициналық қызмет көрсету Кеңесі белгілейді. Сондықтан бұл елде медицина саласында алаяқтар кездеспейді.